

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гальского Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: Учеб.пособие для студ.лингв.ун-тов и фак.ин.яз. высш. пед. учеб.заведений. М., 2004.
- 2 Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: Базовый курс лекций: Пособие для студентов пед.вузов и учителей. М., 2002.
- 3 Журбенко Н.Л. Методика обучения созданию письменных вторичных иноязычных текстов на основе ресурсов: (На материале англ.яз.): Автореф.дис. ... канд.пед.наук. М., 2008.
- 4 Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. – М.: Просвещение, 1988.
- 5 Melekhina E. Academic writing opportunities and threats, Teaching Professional English – Enjoying Professional Communication // Proceedings of the 13<sup>th</sup>NATERussia Annual Conference, April 17-20, 2007. Voronezh, 2007.
- 6 <http://lookatusa.com/kak-nauchitsya-gramotno-i-krasivo-pisat-na-anglijskom#ixzzlyeDwtSVz>
- 7 [http://journal.mosinyaz.com/page\\_102\\_34/](http://journal.mosinyaz.com/page_102_34/)

### РЕЗЮМЕ

В статье затрагивается вопрос обучения письму студентов с различным уровнем владения языком и роль письма в формировании механизмов интерпретации речи при освоении иностранного языка. Авторы подчеркивают, что обучение письменной форме должно быть интегрировано с преподаванием других коммуникативных навыков, в первую очередь, чтение и письмо. Также отмечают, что умение писать определенные типы и жанры текстов важным профессиональным мастерством.

### RESUME

The article deals with teaching writing to different level students and the role of it in forming the mechanisms of interpreting speech when mastering a foreign language. The authors' stress that teaching writing should be integrated with teaching other communicative skills, first of all, reading and writing and that writing certain types and genres of texts is an important professional skill.

УДК 811.111:004,42

**Искакова Ш.Г.**, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

### **ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЖОБА ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

#### Аннотация

Ағылшын тілін үйренуге ынтаны арттыратын және белсенділік пен шығармашылықты дамытатын оқу қызметін тиімділендірудің бір тәсілі – жұмыстың жобалық түрі. Мақалада жобалар әдісінің басты талабы – жоба идеясының шынайы өмірмен, теорияның практикамен байланысы айтылған.

**Түйін сөздер:** жоба әдісі, құзыреттілік, белсенділік, жобалық технология, зерттеушілік, ізденіс.

Заманауи еңбек нарығы ЖОО түлектеріне жаңа талаптар қоюда: кәсіби білім мен біліктілік – қажетті жағдайлар. Сәтті кәсіби бейімделуде барлық тұлғалық әлеуетті, кәсіби танымды және маманның өзіндік санасын жүзеге асыру қажет болады. Кәсіби сана аумағын кеңейтетін құзыреттіліктің қаншалықты көп көлемін меңгерсе, кәсіби дамуда бәсекелестікке дәл солай сенімді түрде төтеп береді, жаңа технологияларды оңай үйреніп, жаңа мамандықтарды игеретін болады.

Ағылшын тілін меңгеру кез келген кәсіби саланың маманын дайындаудың ажырамас бөлігі саналады, өйткені ЖОО түлектерінің кәсіби құзыреттілігіне жинақталатын негізгі құзыреттіліктердің дамуына жол ашады. Жалпы мәдени, коммуникативтік және ақпараттық секілді құзыреттіліктер шет тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы және жүзеге асуы контекстінде сәтті қалыптаса алады.

Техникалық ЖОО түлегін кәсіби даярлаудың құрамдас бөлігі саналатын шет тілдік құзыреттілікті тек қана сабақ үрдісінде жүзеге асыру мүмкін емес. Шет тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мен жүзеге асырудың түрлі формалары, түрлері мен тәсілдері енетін кешенді қадам қажет. Сонымен қатар оқытудың барлық формасындағы (күндізгі, сырттай, қашықтық) студенттерді қамту және аудиториялық, өзіндік және аудиториядан тыс жұмыстардың әр қилы түрлерін қолдану міндетті [1,190].

Техникалық ЖОО-да ағылшын тілі пәнінің берілуі студенттердің білімдік талаптарын да, аталмыш оқу пәнінің гуманитарлық әлеуетін де толықтай жүзеге асыра алмайды. Аталған жағдайда студенттердің аудиториядан тыс қызметтері көмектесе алады. Бұл осы қызметтің дәстүрлі формалары болуы мүмкін, мәселен: жалпы университетішілік олимпиадалар, ағылшын тілінде студенттік шығармалар сайысы, жыл сайын өткізілетін конференциялар, прозалық және ақындық аудармашылар сайысы, қабырға газеттерін шығару, қызықты тақырыпта пікірталас өткізу, ағылшын тіліндегі ең үздік әнге арналған сайысқа қатысу, «Туған өлкем» атты шығармашылық аударма сайыстары және т.б.

Ағылшын тілін үйренуге ынтаны арттыратын және белсенділік пен шығармашылықты дамытатын оқу қызметін тиімділендірудің бір тәсілі – жұмыстың жобалық түрі. Жобалық жұмысқа кіріспес бұрын студенттер белгілі зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік біліктіліктерге ие болулары керек. Бұл дегеніміз, олар мәтінмен жұмыс істеуді, шет тілдік мәтіннен қажетті ақпаратты таба білуі, ақпаратты талдауды, қорытындылар мен түйіндеу жасауды, түрлі ақпараттық материалдармен жұмыс істей білуі қажет деген сөз. Осылайша, жоба әдісін дұрыс пайдалану үшін айтарлықтай дайындық, студенттердің бойында мықты тілдік база құру қажет, бұл ЖОО-ның оқыту жүйесінде іске асырылады. Жобалық технологияда ағылшын тілі оқыту мақсаты ретінде ғана емес, сонымен қатар сөйлесу құралы, адамның танымдық жұмысының басқа да түрлеріне қосылу құралы ретінде де саналады. Жобалар әдісін қолдану кезінде оқытушының рөлі да өзгереді. Ол білім алушыға көмекші, тәлімгер, бағыттаушы, жетекші ретінде көрінетін болады. Оқытушы үнемі бір қызметтен екіншісіне «ауысуды» және оларды өзара біріктіре білуді меңгергені жөн. Жобаға жетекшілік етудің күрделілігі де осында [2,62].

Жобалық жұмыс жоғары коммуникативтілікпен, белсенділікпен, қойылған тапсырмаларды шешуде шығармашылық қадам көрсетумен сипатталады, бұл студенттердің танымдық белсенділігі мен ойлау дербестіктерін қамтамасыз етеді және жаңа білім беру парадигмасына көшуді білдіреді. Сол себепті жалпы білім беретін де, жоғары мектептерде де жобалар әдісі басқа интерактивті технологиялар арасында барынша танымал болып барады.

Жобалар әдісінің басты талабы – жоба идеясының шынайы өмірмен, теорияның практикамен байланысы. Зерттеу және шығармашылық жоспарда айтарлықтай маңызға ие мәселе немесе тапсырма, оның шешімін іздеу үшін біріктірілген білім, зерттеушілік ізденіс аса қажет. Жобаның бұл идеясы қатысушылардың барлығына бірдей қызықты, тіпті кей ретте оларға белгілі бір деңгейде қатысты да болуы керек. Жоба бойынша жалпы қызметке оның барлық қатысушылары тартылып, әрқайсысы өз қабілеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сай одан еркін түрде өз орындарын алғаны жөн. Жоба қорытындысында оның әрбір қатысушысы бірлесе алынған нәтижелерге үлесін және өз орнының маңыздылығын сезінуі қажет. Ал жоба нәтижелері толықтай шынайы, белгілі бір тәсілмен рәсімделген болуы шарт [3,60].

Осындай жобалардың бірі – жыл сайын университетімізде «Шет тілдер апталығы» аясында өткізілетін «Менің болашақ мамандығым» тақырыбындағы жоба. «Шет тілдер апталығы» ол университет студенттеріне арнап шет тілдер кафедрасы өткізетін кешенді іс-шараның бірі. Іс-шара құрамына студенттердің шет тілдер бойынша аудиториядан тыс жұмысының дәстүрлі де, инновациялық түрлері де енеді. Дәстүрлі байқаулар қатарына жататындар: оқытылып жатқан тілдің елі туралы сұрақ-жауап (викторина, брин-ринг), аудармашылар сайысы (ақындық және прозадан үзінділер), «Оқытылып жатқан тілдің мемлекеті» тақырыбына викторина, үш тілде «Полиглот» сайысы. Дәстүрлі байқауларға қатысуға университеттің 1-2-курс студенттері шақырылады. Ағылшын тілінде «Менің болашақ мамандығым» тақырыбындағы жобалар байқауына 2-3 курс студенттері қатысады.

Университетте «Шет тілдер апталығын» өткізуге кең көлемді дайындық жұмыстары жүргізіледі. Кафедрада әр сайыс бойынша негізгі ережелер жасақталған, бағалау критерийлері жазылған. Әрине, сайыс-байқауларға ұсынылатын материалдар: сұрақ-жауап сауалдарын құру, аудармаға мәтін таңдау, қатысушыларды анықтау және өткізу мерзімін, оқытушылар мен студенттерге хабарлау, байқау финалына ең үздік презентацияларды таңдау шараларын жаңартып отыру талап етіледі.

«Шет тілдер апталығы» қорытынды шарасы – үш тілде өтетін жобалар байқауының финалы. Ұсынылған жобалар мазмұны және формалары бойынша әр түрлі: театрландырылған қойылымдар, болашақ мамандық туралы монологтар, презентациялар, бейнежобалар, қабырға газеттері, фильмдер, ауызша журналдар. Студенттер өздерінің «шетелдік» әріптестерінің шығармашылығын бағалауға, олармен тең дәрежеде сайысуға мүмкіндік алады. Сайыс-байқауларға қатыспайтын студенттер өз курстастарына қолдау көрсетулері үшін финалдық шараға шақырылады. Университет студенттері мен магистранттарының қатынасуымен шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылады. Барлық байқау жеңімпаздарын естелік сыйлықтармен, алғыс хаттармен марапаттау рәсімі өтеді.

«Шет тілдер апталығы» университет студенттеріне оқып жатқан тілі саласында да, пәнаралық салада да бағалы білім, біліктілік және қабілет игеруге мүмкіндік береді. Болашақ мамандар ана тілімен қоса ағылшын тілінде де ақиқатты іздеп табудың, сыни ойлау, жауапты шешімдер қабылдаудың түрлі әдістерін практика жүзінде қолданатын болады. Олар ағылшын тілін меңгерген маман ретінде қажеттілік, өзінің пайдалылығы сезімін және түрлі құрамдағы топтарда жұмыс істеу қабілетін игереді. Олар практикалық мысал барысында қиын тапсырмаларды шешуді үйренеді және жаңадан туындаған мәселелерден қорықпайтын болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Забелина Г. А. Применение метода проектов в обучении иностранному языку в школе и вузе. - Мир образования – образование в мире, 2009. - № 1. –192с.
- 2 Колокольцева М. И. Английский язык в неязыковых вузах: совершенствование образовательных технологий. - Вестн. пед. инноваций, 2010. - № 2. –62с.
- 3 Щеголь В. И. Рефлексия в творческом саморазвитии проектной деятельности студента. - Пед. образование и наука, 2010. – № 5. – 64 с.

#### **ТҮЙІН**

В статье рассматривается использование метода проектной работы на внеклассных мероприятиях в технических университетах. Обучение иностранному языку рассматривается как часть профессионального образования.

#### **RESUME**

The article deals with the use of project work in extracurricular activities at technical universities. Teaching foreign language is considered as the part of professional education.